


Бекітемін: Ершұ
№ 35 «Балақай» бөбекжай-бақшасының
меңгеруші м.у.а: Ершуакова А.С
Пед.Кеңес.№1 хаттамасы
« 31 » « 08 » 2021 жыл



Вариативтік компонент
«Сиқырлы әріптер»
мектепалды даярлық тобы
2021-2022 жыл

**«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобының қызығушылығы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік –
тақырыптық жоспары
«Сиқырлы әріптер»**

№	Блок тақырыбы Апта тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны
«Балабақша»	«Менің балабақшам». Дыбыс пен әріп (Үзік сызықтар жазу)	Балабақша балалар мекені екенін ұғындыру.Оларды татулыққа, өзара достыққа тәрбиелеу.Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді үйрету.Сызықшалар жазу.Үстелде түзу отыруды қалыптастыру.
	«Менің достарым» Дыбыс пен әріп (Ұзын және қысқа таяқшалар)	Дос және достық деген ұғымды терең жеткізу.Сөздердің дыбыстардан құралатынын ұғындыру. Ұзын және қысқа таяқшаларды жазу,саусақ бұлшық еттерін дамыту,жазу кезінде дұрыс отыруға қалыптастыру
	«Менің сүйікті ойыншықтарым» Сөз. А дыбысымен әріпі (А әріпін жазу)	Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту,ойыншықтардың аттарын атай отырып,олаларды сипаттап айтуға үйрету. Сөздердің ұзын-қысқа болатынын білдіру. А әріпін жазу .Білімге құштарлықтарын арттыру.
	«Жиһаздар» Сөз туралы түсінік (А әріпін жазу	Жиһаз атауларын атап айтқызу және жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құрау. Сөздерді салыстыру.А дыбысын сөз арасында айыра білуге тәрбиелеу.А әріпін дұрыс жазуға қалыптастыру.Саусақ бұлшық еттерін дамыту
«Менің отбасым»	«Менің отбасым, ата – аналар еңбегі» Сөз бен дыбыс Т дыбысы ,әріпі Т әріпін жазу	Отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу.Сөз, дыбыс туралы түсінік беру.Сөздің дыбыстан құралатынын, Т әріпін жазу,қаламды дұрыс ұстауды үйрету.Дәптерді сәл қиғаш ұстауды үйрету.
	«Менің көшем» Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар	Балаларға табиғат аясындағы серуеннің маңызы жөнінде түсіндіру.Есту қабілеттерін жетілдіру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын білдіру.Адам денесінің сызбаларын бояу.
	«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» Н дыбысы мен әріпі (Н әріпін жазу)	Балаларға үйдегі қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Н әріпін жазуға үйрету. Қаламды ,дәптерді ыңғайлы ұстауға жаттықтыру.
	«Алтын күз» Н дыбысы,әріпі (Н әріпін жазу)	Күзгі бау-бақша өнімдерінің , күз байлығының пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың ойын дамыту, сөздік қорын молайту. Н дыбысы туралы білімдерін бекіту, дәптерге жаздыру,денелерін тік ұстап отыруға жаттықтыру.

«Дені саудың жаны сау»	«Өзім туралы» Ғ –дыбысы мен әріпі (Ғ әріпін жазу)	Балаларды өздері туралы білуге үйрету. Кіммін? деген сұраққа толық жауап бере білу қабілеттерін дамыту. Ғ әріпін жазу кезінде дәптерлерін ыңғайлы түрде ұстауға қалыптастыру.
	«Дұрыс тамақтану» Ғ дыбысы және әріпі (Ғ әріпін жазу)	Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы жөнінде әңгімелеу. Жеміс-жидектерді тазалап жеу керек, кеңестер беру. Ғ- Әріпімен таныстыруды жалғастыру, дәптерге жазғызу.
	«Өзіңе және өзгелерге көмектес» Р дыбысы, әріпі Р әріпін жазу	Егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру. Р дыбысымен әріпімен таныстыруды жалғастыру, Р әріпін дәптерге жазуды дағдыландыру.
	«Біз күштіміз, ептіміз» Р – әріпін жазу.	Балаларды дене тәрбиесінің маңызымен таныстыру. Р дыбысын дұрыс дыбыстату, білімге деген қызығушылықтарын арттыру. Р әріпін жазу.
«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат» О дыбысы және әрпі О әріпін жазу	Балалардың өз Отаны туралы түсініктерін жетілдіру. Кең байтақ жеріміздің тарихы туралы мәліметтерін кеңейту. Туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. О - әріп таңбасымен таныстыру, жаздыру. Саусақ бұлшық еттерін дамыту,
	«Туған өлкем» О дыбысы мен әріпі О әріпін жазу	Балаларға туған өлкелері туралы мәлімет беру. Туған жерлерін сүйуге қадірлеуге тәрбиелеу. О дыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту, үстелде тұзу отыруды дағдыландару. Таза, ұқыпты жазуға үйрету.
	«Нұр – Сұлтан- Отанымыздың жүрегі» Қ дыбысы және әрпі Қ әріпін жазу	Балаларды Қазақстанның жүрегі Нұр – Сұлтан қаласының сұлулығына деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Қ дыбысы және әрпімен таныстыруды жалғастыру. Қ әріпін дұрыс жазуға үйрету.
	«Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)» Қ дыбысы мен әріпі Қ әріпін жазу	Балаларға Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет екені туралы түсінік беру. Мемлекеттік рәміздер туралы түсінігін жетілдіру. Қ әрпін таныстыру, қ әрпі бар сөзді оқуға жаттықтыру.
«Табиғат әлемі»	«Айналамыздағы өсімдіктер» М дыбысы, әріпі М әріпін жазу	Балаларды айналамыздағы өсімдіктермен таныстыру. Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. М дыбысына сөз құрауды дамыту, дәптерге ұқыпты, таза жазуға тәрбиелеу.
	«Жануарлар әлемі» М дыбысы және әрпі М әріпін жазу	Үй жануарлары жайында білімдерін бекіту. М дыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту, м әріпін дәптерге жазу.
	«Құстар – біздің досымыз»	Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.

	Б дыбысы ,әріпі Б әріпін жазу	Б дыбысын дұрыс дыбыстатуға жаттықтыру. Б әріпін мұқият жазуға қалыптастыру.
	«Ғажайып қыс» Б дыбысы және әрпі Б әріпін жазу	Балалардың қыс мезгілінің белгілері туралы түсініктерін арттыру.Б дыбысы кездесетін сөз ойлап, буындарды жазуға үйрету.
«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары) С дыбысы,әріпі С әріпін жазу	Табиғат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру.Өлі табиғат туралы түсінік бере отырып,оны адам қолымен жасалған заттардың ажыратуға тәрбиелеу.С дыбысы және әрпімен таныстыру, С әріпін дәптерге жазу.
	«Көліктер» С дыбысы және әрпі С әріпін жазу	Көліктер туралы түсінік беру,олардың түрлерін ажыратуға үйрету.Жолда жүру ережелерін сақтау туралы түсіндіру.Сдыбысы және әрпімен таныстыруды жалғастыру,
	«Электроника әлемі». Ң дыбысы,әріпі Ң әріпін жазу	Адамға қажетті электроника құралдары туралы білуге қызығушылықтарын арттыру. Ң әріпін дәптерге жазуды үйрету. Үстелге түзі отыруды қадыптастыру.
	«Мамандықтың бәрі жақсы» Ң дыбысы мен әріпі Ң әріпін жазу	Балаларды әр түрлі мамандықтар иесімен таныстыру.Ң дыбысы бар сөздер құрастыру,дәптерге жазу.
«Салттар мен фольклор»	«Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері» Е дыбысы ,әріпі Е әріпін жазу	Балаларды әртүрлі салт-дәстүрлерге қызығушылығын арттыру.Е дыбысымен әріпімен таныстыру. Е дыбысын дәптерге жазу, буындарды көшіріп жазу.
	«Ертегілер елінде. Театр әлемі» Е дыбысы мен әріпі Е әріпін жазу	Балаларды ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылығын тәрбиелеу.Е дыбысы және әрпімен таныстыруды бекіту,жазуды жалғастыру.Ұқыптылыққа, әдемілікке, тазалыққа тәрбиелеу.
	«Өнер көзі -халықта». І дыбысы мен әріпі І әріпін жазу	Балаларды байланыстырып сөйлеуге тәрбиелеу. І дыбысымен,әріпімен таныстыру.Сөзге дыбыстық талдау жасату,і дыбысы бар сөздерді оқу,жазу.
	«Нұр төккен, гүл көктем» І дыбысы мен әріпін қайталау. І әріпін жазу	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Жылдың көктем мезгілінде табиғаттың түрленетінін ,жан-жануардың жанданып,гүл қаулайтыны туралы ұғым беру І әріпін жазу, құрамында і дыбысы бар сөз жазу.

«Біз еңбекқор баламыз»	«Аялайық гүлдерді » Ә дыбысы мен әріпі Ә әріпін жазу	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Ә дыбысы және әріпімен таныстыру.Дәптерге жазуды жалғастыру.
	«Ас атасы – нан » Ә дыбысы мен әріпі Ә әріпін жазу	Бидай туралы әңгіме құрастыру. Нанның бидай өсімдігінен пайда болатынын ұғындыру. Құрамында ә дыбысы бар сөздер жазу.
	«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Ө дыбысы мен әріпі Ө әріпін жазу	Жәндіктер, олардың сипаттық белгілері туралы білімдерін кеңейту, көбелек пен қоңыздың айырмашылығын таба білуге үйрету. Ө дыбысымен әріпімен таныстыру,жазу.
	«Еңбек бәрін жеңбек» Ө дыбысы мен әріпі Ө әріпін жазу	Балаларды еңбек етуге баулу, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен толықтыру. Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету.Ө дыбысы бар сөздер жазу.
«Әрқашан күн сөнбесін»	«Достық –біздің тірегіміз» (халықтар достығы) Ү дыбысы мен әріпі Ү әріпін жазу	1 Мамыр Қазақстан халқының ынтымақ күні туралы түсінік беру. Ү дыбысы және оның таңбасымен таныс, дәптерге жазуды жалғастыру.
	«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) Ү дыбысы мен әріпі Ү әріпін жазу	Отан қорғаушылар мерекесі туралы түсінік беру.Балалардың бойына патриоттық сезім тәрбиелеу.Ү дыбысы бар сөздер ойластырып, оны дәптерге көшіріп жазуға тәрбиелеу.
	«Көңілді жаз» Өткенді қайталау	Балаларға жайқалған жаз мезгілінің ерекшелігі туралы түсіндіру. Өткен әріптерді дидактикалық ойын арқылы қайталап естеріне түсіру.Буындар жазу.
	«Мен жасай аламын» Балалар білімін қортындылау	Балалардыңшығармашылық ойлау қабілетін,сөздік қорын көбейту,ауызекі сөйлеулерін дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстырды қайталатып естеріне түсіру.Байқампазддыққа тәрбиелеу.Сөздер жазу.

